

**Абай атындағы Қазақ  
Ұлттық Педагогикалық  
Университетінің «Мек-  
тепке дейінгі, әлеуметтік  
педагогика және өзін-өзі  
тану білім беру бағдар-  
ламалары» белімі 22-23  
сәуірде Қазақстан Республикасының  
студенттері арасында  
6В012-«Мектепке дейінгі  
тәрбиелу және оқыту  
педагогикасы» білім беру  
бағдарламасы бойынша  
XIII Республикалық пән-  
дік олимпиадасын он-  
лайн жүйесінде ұйымда-  
стырыды. Олимпиадаға  
13 жоғары оқу орнының  
командалары қатысты.  
Олимпиада ешқандай  
кедергісіз жаңа онлайн  
форматта ашық, әділ,  
жоғары деңгейде өтті.**

Аталған олимпиадаға Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры, АрқПИ доценті Р.Е. Жандилдинаның жетекшілігімен «Күлжанова ізбасарлары» командасы қатысып, инновациялық бағыттағы педагог тәрбиешінің шеберлігін айқын көрсете отырып, жүлделі 1-орынды иеленді. Топ құрамында «Мектепке дейінгі тәрбиелу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттері Солтанбек Аймерей, Жақсылық Шұғыла, сондай-ақ 2 курс студенттері Несілбай Дильтаз, Сүлеймен Жазира бар. Команда мүшелері:

«Алғашқы ұстаз Ыбырай,  
Мектеп ашқан едденбіз!

180 жыл мерейлі,  
Тойын атай келгенбіз.  
Асан, Усен, Мақта қызы,  
Мәніне терең енгенбіз.  
Мерекелі белденбіз,  
Берекелі жерденбіз!  
Ахан, Жақан туылған,  
Киелі Торғай төрденбіз!», -  
деген таныстырыуынан бастап  
бәйгеде оқ бойы оза шауып  
отырды. «Күлжанова ізбасарлары» командасы олимпиаданың барлық кезеңдері бойынша үздік нәтиже көрсетіп, өздерінің алған білімдері мен менгерген білік-дағдыларын шығармашылықпен үштастырып, шеберлік деңгейлерін танытты. Топ мүшесі Жазира Сүлеймен «Студент-Новатор» номинациясын иеленді.

Пәндік олимпиадаға шәқірттер дайындалған, оларға бағыт-бағдар көрсетіп отыру - жауапты жұмыс. Үздіксіз жүйелі дайындық, тынымсыз еңбек, жан-жақты ізденіс қана танымды көңейтіп, кәсібилікке баулады. Осы тұста команда жетекшісі, мектепке дейінгі білім саласының майталман маманы Р.Е.Жандилдинаның еңбегі зор. Ол студенттерді білім нәрімен сусындағы, кәсіби-тұлғалық әлеуетін, шығармашылық қабілетін, креативтілігін, бірегейлігін талдау және логикалық ойлау қабілетін дамытуы үшін бар қүш-жігерін аямай қызмет етеді. Әрине, адаптациялық өтемі – жемісті нәтиже екені сөзсіз. Биылғы женіс – атаулы жылдың, ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына, алдағы сәуірдегі институттың 50 жылдық мерейтойына лайықты тарту болды.

**Зәуре ФАЛЫМЖАНОВА,  
«Мектепке дейінгі және бастауыш  
білім беру»  
кафедрасының аға  
оқытушысы.**

## **Жұлдегерлер ортамызда**

